



«Арқалық қаласындағы облыстық
№ 2 әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ
Әдістеме-библиография бөлімі

Ерліктерді тудыруға жаралған- қасиетті Батпаққара даласы



Библиографиялық көрсеткіш



Арқалық қаласы, 2024 жыл

*«Арқалық қаласындағы облыстық
№ 2 әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ
Әдістеме-библиография бөлімі*

***Ерліктерді тудыруға жаралған-
қасиетті Батпаққара даласы***

(Библиографиялық көрсеткіш)

ӘОЖ 94(574)
КБЖ 63.3(5 Қаз)
Е 71

Құрасты., компьютер. терген: М.Г.Жумағалиева
Жауапты ред.: Ж.К.Абжанова

Құрастырушы: М.Г.Жумағалиева
Шығарылымға жауапты: С.А.Алматова
Мұқабаны безендірген: М.Г.Жумағалиева
Редактор: Ж.К.Абжанова

...«Ерліктерді тудыруға жаралған-қасиетті Батпаққара даласы» [Мәтін] : (қазақ халқының 1929 – 1931 жылдары болған Торғай даласындағы Батпаққара көтерілісіне 95 жыл толуына орай библиографиялық көрсеткіш /Арқалық қаласындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы, Әдістеме-библиография бөлімі ; [құраст.; М.Г.Жумағалиева; шығарылымға жауапты С. А. Алматова ; ред. Ж. К. Абжанова]. – Арқалық : [б.б.], 2024. – б. : сурет. – қазақ тілінде.

Әдістеме-библиография бөлімі Торғай даласында 1929 – 1931 жылдары болған Батпаққара көтерілісіне 95 жыл толуына орай библиографиялық көрсеткіш дайындады. Библиографиялық көрсеткіште Батпаққара көтерілісіне қатысты әр кезеңде жазылған зерттеулер мен мақалалар енгізілген.

ӘОЖ 94(574)
КБЖ 71
© М.Г.Жумағалиева

Құрастырушыдан

Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы қазақ халқының 1929-1931 жылдардағы Торғай даласындағы Батпаққара көтерілісіне 95 жыл толуына арналған библиографиялық көрсеткішін әзірлеп, оқырман назарына ұсынды. Библиографиялық көрсеткішке көтерілістің туындау себептері мен мақсаты, көтеріліске қатысушылар және сол ұлы қозғалыстың жауыздықпен тоқтатылуы жайында мағлұматтар берілген. Көрсеткіштегі материалдар қазақ тілінде әзірленген. Бөлімдер Батпаққара көтерілісінің мерзімді басылым бетіндегі жарияланымдарының, көтеріліске қатысушы тұлғалардың, көтеріліс жайлы жазылған кітаптар мен мақалалардың тізімінен тұрады. Әдебиеттер тізімі әліпбилік ретпен орналастырылған. Библиографиялық көрсеткішке баспасөзде жарияланған мақалалар мен кітапхана қорында бар материалдар еңгізілген. Көмекші құрал ретінде есімдердің әліпбилік көрсеткіші берілген. Басылым көпшілік оқырман қауымға арналған.

Маңызы зор қозғалыстың саяси-әлеуметтік себептері

Қазақстан тарихындағы маңызы зор қозғалыстың бірі 20 жылдардың аяғында Торғай жерінде болған, бұрынғы деректерде «Кеңес өкіметіне қарсы ұйымдастырылған контрреволюциялық қарулы көтеріліс» деп аталып келген Батпаққара көтерілісі 1929 жылы 1 қарашада басталды. Қазақстан ІІІ ОГПУ-ның осы мәселеге байланысты мәліметтерінде аталмыш жылы 54 ірілі-ұсақты халықтың бас көтеруі болған. Батпаққара көтерілісі Кеңес өкіметіне қарсы шыққан алғашқы Торғай жеріндегі ірі көтерілістердің бірі болып табылады.

Батпаққара көтерілісі жайдан-жай туған жайт емес. Бұл-Сталиннің солақай саясатынан, елдегі саяси-әлеуметтік хал-ахуалдан туындаған жайт. Ал, жалпы халықтың бас көтеруіне сол кезде жүргізілген кеңестік қатал саясат себепші еді.

20-жылдардың екінші жартысында халық шаруашылығын жаңа экономикалық саясатқа бейімдеу көзделді. Бұл міндетті орындау үшін елді индустрияландыру керек болды. Индустрияландыруды жүзеге асыру үшін қажетті қаражатты ауыл-село халқының, адал еңбегі жемісі мен дәулеті есебінен жинау көзделді. Оларға шамадан тыс ауыр салық салынды, облигациялар шығарылып, оны қарапайым халық арасында күштеп таратты.

1927-1928 жылдардың қысында бидай бағасының төмендеу салдарынан нан өндірісінде тоқырау болды. Бұған қоса астықты солтүстік облыстар қуаңшылыққа ұрынды. Халықтың тұрмысы күннен күнге нашарлай түсті. Бірақ халық басына түскен ауыр жағдайға қарамастан, 1928-1929 жылдарда астық тапсыру көлемі еш өзгеріссіз 11,5 млн. центнерге жоспарланды. Бұл- шаруашылықтардың нақты мүмкіндігінен әлдеқайда жоғары. Ауылдарға қатаң нұсқаумен, зор құқықпен қаруланған 4812 уәкіл жөнелтілді. Елдің барлығынан дерлік астық тартып алынды. Бұл И. Сталиннің «Сібір-Орал» деген атпен белгілі жазалаудың әдісімен жалғасты. Шаруаларға айып салу көбіне астық және мал түрінде болған. 1928-1929 жылдары бай-кулактарды тәркілеу науқаны басталды. Байларды тап өкілі ретінде жою туралы жоғарыдан нұсқау алған Қостанай округтік партия комитетінің хатшысы И. К. Морозов бұл істі жүргізу үшін Д. Кетегенов пен А. Даниловты Батпаққараға жібереді.

Тәркілеу науқанында жаппай заңсыздық орын алып, адам құқықтары аяққа басылды. Байлар ғана емес, орта шаруалардың да бар жиған мүліктері тартып алынды. Кеңес өкіметінен әділеттікті күткен қарапайым адамдардың үміті үзілмегендері көптеп кездесті. Бірақ, заңды белінен басқан шолақ белсенділер сол кезеңдегі өктем саясаттың қолшоқпары бола отырып, адамдардың тағдырын тәлкегіне салды. Шолақ белсенділердің орнына ел қамын ойлаған, адал азаматтар жазықсыз жазаланып жатты. Ұжымдастыру және жаппай тәркілеу кезінде ОГПУ органдары «антикеңестік элементтерді әшкерелеу» науқанын қызу жүргізді. Мұндай науқанда

жаппай заңсыздық орын алып, адам құқықтары аяққа басылды. Тәркілеу биліктің бірбеткейлігін және қарсылықтың пайдасыздығын көрсетті. Шаруаларды бай мен кулактың қатарына жатқызу қатері орын алды. Сондықтан да олар бүкіл ауыл болып ұжымшарларға жазылуға көнді. Осы уақытта дінге деген көзқарас мүлдем өзгеше сипат алды. 1928-1929 жылдары Қазақстан 150 мешіт пен діни орындар қиратылды. Елдің жағдайы күрт төмендеп, аштық белең ала бастады. Осылардың бәрі жинақталып келіп Торғай жеріндегі халықтың ашу-ызасын туғызып, кедей-шаруалардың көтерілісіне ұласты.

1930 жылы 21 сәуірде БК(б) П Орталық Комитетінің хатшысы И. Сталинге жазған хатта Қостанай уезіндегі көтеріліс 1929 жылы 1 қарашада басталды делінген.

Батпаққара көтерілісі кеңес әскерінің күшімен басып тасталынды. Жаппай жазалау шаралары орын алды. 1929 жылдың 1 желтоқсанына дейін 335 адам тұтқындалды. Олар Батпаққара, Наурызым, Торғай аудандарында көтеріліске қатысқандарды және олардың туысқандарын жаппай қамауға алды. Батпаққара түрмесінде орын болмай, қолма-қол Қостанай түрмесіне жөнелтіп жатты. Жалпы жазалау қорытындысы бойынша 530 адам қылмысты деп танылды. Оның 115-і ату жазасына, 170-і 10 жылға еңбекпен түзеу лагеріне, 28-і Қазақстаннан тыс жерлерге 3 жыл мерзімге айдауға жіберілді. 17 адамға шартты сот болды. Батпаққара көтерілісіне қатысқандардың тағдыры осындай қайғылы жағдайда аяқталды. Тарихтан белгілі 1916 жылы Қазақстанда болған көтерілістің ең ірісі және тегеуріндісі осы Торғай жерінде өткен ұлт-азаттық қозғалыстың орталығы болған да осы Батпаққара жері. Батпаққара көтерілісін халықтың азаттық жолындағы бас көтеруі деп объективті түрде бағалауымыз керек.



Көтерілісшілер камалған Қостанай Актүрмесі

Батпаққара көтерілісі тудырған ерлер

Жат билемесін деп кең дала, байтақ жерінді,
Өзгелер келіп таптамасын деп төрінді.
Ақ берен мылтық, шашақты найза қолға алған
Қаншама батыр, ерлердің қаны төгілді.

Бай өлкесі бар Торғай өңірі туралы сөз болғанда, елін сүйген, елі үшін жанын пида еткен, еліміздің біртуар перзенттерінің ерлігі мен өнегелі өмірін айту бүгінгі ұрпаққа парыз екені де шындық.

Қай халық, қай мемлекет үшін де болсын, өз тәуелсіздігі аса қымбат. Бабаларымыз «Егемен болмай, ел болмас, етектен кескен жең болмас»-деп, ұлан-ғайыр даланы иемденген халқының өз тәуелсіздігін алып, өзгелермен терезесі тең, өз алдына дербес мемлекет болуын аңсап өтті. Арғысы, Махамбет Өтемісұлы «Ереулі атқа ер салмай, еңку-еңку жер шалмай, Ерлердің ісі бітер ме? », -дей отырып,

«... Қарадан біреу тусайшы, Халықтың кегін қусайшы»-деп, алдағы күннен тілек тілесе, бергісі,

...Қазағым Елім
Қайқайып белің,
Сынуға тұр таянып.
Талауда малың,
Қанауда жаның,

Аш көзінді оянып...-деп, қазақ тілі ғылымының негізін салушы Ахмет Байтұрсынұлы туған халқын өркениетке бастады, ұлы күрес жолын көрсетті. Тарих қойнауында елінің тағдырын өз тағдырымен байланыстырған Кенесары Қасымұлы, Өз Тәуке, Абылай, Исатай-Махамбет өз елінің мәртебесін жоғарыдан көргісі келді, азаттықты аңсады. Дана бабалардың ізімен ХХ ғасырдың басында дүбірлі Торғай даласында соңына халқын ертіп, Аманкелді Үдербайұлының шығуы заман талабы, уақыт үніне, халық мүддесіне күрес жолына түсуі - қаһарман дала қазағының даласына оның қаһарман ұлының ерлігінің көрінуі халық арасында ғажап дастан болып жазылды, халық оны «Торғай қыраны», «Қазақ Чапаевы», «Батыр» деп жоғары бағалады.

1916 жылғы ұлт азаттық қозғалыстың ең ірі орталықтарының бірі-Торғай даласы болса, басшылығында балалық шағынан бергі досы, алғашқы қазақ большевиі, республикамыздың ірі саяси және мемлекет қайраткерлерінің бірі болған Әліби Жангелдинмен бірге Аманкелді Үдербайұлының болуы және осы көтерілістің өте қажырлы, әрі ұзаққа созылған, мықты әскери іс қимылдар жүргізе білуі кейінгі ұрпақ үшін зор мақтаныш сезімін ұялатады. Аманкелді батыр әскерді ондық, елулік, жүздік, мыңдыққа бөліп орналастырып, жүйелі, әрі тәртіпті, тұтас бір әскери организм құра білді, арнайы мергендер бөлімшесі құрылды.

Амангелді Иманов



Алиби Джангельдин





Батпаққара көтерілісіне қатысушылар





Батпаққара көтерілісі кітаптарда





Батпаққара көтерілісі баспа беттерінде

Батпаққара көтерілісіне 80 жыл Маңызы зор қозғалыстың саяси- әлеуметтік себептері

Қазақстан тарихында көптеу ұранды жәрмәкештердің бірі болды Батпаққара көтерілісі. Соның бірі де 20 ғасырдың алтыншы-жетінші жерінде болған. Бұрынғы деректерде "Қазақ көтерілісіне қарсы ұйымдастырылған қозғалыс" деп аталып келген Батпаққара көтерілісі.

Қалың қазақ халқының алтыншы бір ғасырға 1929 жылы Батпаққара көтерілісіне байланысты мектептеріне қатынасты өзгерістер болды. Батпаққара көтерілісі Кеңес өкіметіне қарсы алғашқы болып Торайғыр мұрағаттары қатарында Батпаққара көтерілісіне байланысты маңызды деректерді қамтамасыз етті. 1929 жылы 19 мартта болған Батпаққара көтерілісіне байланысты маңызды деректерді қамтамасыз етті. 1929 жылы 19 мартта болған Батпаққара көтерілісіне байланысты маңызды деректерді қамтамасыз етті.


1929 жылы 19 мартта болған Батпаққара көтерілісіне байланысты маңызды деректерді қамтамасыз етті. 1929 жылы 19 мартта болған Батпаққара көтерілісіне байланысты маңызды деректерді қамтамасыз етті.

1929 жылы 19 мартта болған Батпаққара көтерілісіне байланысты маңызды деректерді қамтамасыз етті. 1929 жылы 19 мартта болған Батпаққара көтерілісіне байланысты маңызды деректерді қамтамасыз етті.

Түркістан Республикасы
А.А.Ахметов



SCENE 1



SCENE 2

1998 жылы көрсеткіштерінің өсуіне байланысты 1998 жылы өнімдерінің өсуіне байланысты...

Қытаймен қарым-қатынастың жаңа кезеңіне кірісетінін білдіретіндігіне қарамастан...

Торғай аймағының № 702 ІС негізгі құжаттарының тізімі

Түркістан Аймақ Басқарушысының 1998 жылғы 12 қаңтардағы № 702 ІС негізгі құжаттарының тізімі...

Батпаққара көтерілісінің ақиқаты

Батпаққара көтерілісінің ақиқаты туралы тарихи деректер мен бағалаулар...



Мұхаммед Әбдіқалиптің (сол) басшылығымен Батпаққара көтерілісінің қол қозғалуы...

1920-30 жылдардағы Торғай өңіріндегі халық наразылықтарының тарихы...

1920-30 жылдардағы Торғай өңіріндегі халық наразылықтарының тарихы (жалғасы)...

1920-30 жылдардағы Торғай өңіріндегі халық наразылықтары

1920-30 жылдардағы Торғай өңіріндегі халық наразылықтарының тарихы...



Мағым Абдымұмынов - 1920 жылғы көтерілістің басшысы



Дилшадбекова Зина Каримовна - көтерілістің қатысушысы

1920-30 жылдардағы Торғай өңіріндегі халық наразылықтарының тарихы (жалғасы)...

1920-30 жылдардағы Торғай өңіріндегі халық наразылықтары

1920-30 жылдардағы Торғай өңіріндегі халық наразылықтарының тарихы...



Мұхаммед Әбдіқалиптің (сол) басшылығымен Батпаққара көтерілісінің қол қозғалуы



Мұхаммед Әбдіқалиптің (сол) басшылығымен Батпаққара көтерілісінің қол қозғалуы

1920-30 жылдардағы Торғай өңіріндегі халық наразылықтарының тарихы (жалғасы)...

Батпаққара көтерілісіне қатысқандар қалай жазаланды?

Патша билігі құлағанымен, қазақтардың бәрі бірдей большевиктерді қолдап кеткен жоқ. Ақ гвардияшылардың қатарында соғысып, Алаш орданы қолдағандар да болды.

Билік басына советтер келгесін қазақтарға олардың билігін мойындауға тура келді, алайда большевиктердің қолданған қысым көрсету тәсілдері (ұжымдастыру, күштеп тәркілеу) халықты қолына қару алуға мәжбүр етті. Сондай көтерілістердің бірі 1929 жылғы қарашада Қостанай уезінің Батпаққара елді мекенінде бұрқ етті. Qazaqstan Tarіhy порталы көтеріліске қатысқан қазақтардың советтік әділ сотпен қалай жазаланғаны туралы айтып бермекші

Советтік тарихнамада Батпаққара көтерілісі Қазақстандағы коммунизм құрылысына нұқсан келтіруге бағытталған бандиттік-басмашылық қозғалыс деп қарастырылды. Батпаққара ауданы мен оған жақын жатқан Қостанай округінің басқа аудандарының он алты «бай шаруашылығының» тәркіленуі жергілікті халық тарапынан туындаған агрессияға алып келді. Тәркілеу Алаш орданың бұрынғы мүшелері Ахмет Байтұрсыновқа, Міржақып Дулатовқа, Мырзағазы Есболовқа қатысты қудалаулармен қатар жүруі халықтың наразылығын тудырды. Көтеріліс басталардан біраз бұрын қазақ-орыс шаруаларының қарулануы туралы келіссөздер жүргізу үшін Қостанай округіне қарайтын бірқатар аудандардың өкілдері Қостанайда өткен жәрмеңкеде жиналады.

1929 жылдың 1 қарашасында ереуілшілер Батпаққара ауданының аудан орталығын басып алып, партиялық және советтік мекемелерді қиратады, жергілікті милиция бөлімшесіне шабуыл жасап, қамаудағыларды босатады. Ереуілшілерді омарбай Бармақов, Наурызым ауданының милиция бастығы Абайділді Бекжанов, Сейітбек Қалиев және Торғай революциялық комитетінің бұрынғы бірінші төрағасы Ахмадия Смағұлов басқарды. Кооперативтер мен шаруашылықтарды қирату келесі күні де жалғасты, аудан басшылары тұтқындалды. Советтік хрониканың деректеріне сәйкес, ауданның барлық ауылдарының өкілдері қатысқан Батпаққарада өткен съезде совет билігін құлату туралы шешім қабылданған. Съезд ақсақалдар кеңесін - «Ақсақал үштігі» құруды тапсырады. Бұдан былай совет билігімен күрес жүргізу үшін әр ауыл елу жігіт бөлуі керек болған. Көрші ауылдарға, сонымен қоса Қызылорда мен Ақмола округтеріне үгіттеушілер жіберілген. Көтеріліс басшысы съезд барысында хан етіп сайланады. Аз уақыттың ішінде Батпаққара ауданының көптеген ауылдары, сонымен қоса Торғай мен Наурызым аудандарының кейбір ауылдары көтеріліске келіп қосылады. Алайда 1000 адам жинаймыз деп жоспарланған жасаққа соның жартысындай ғана адам жиналынады. Адамның аздығы мен қару-жарақтың болмауы (сарбаздарда тек 70-ке

тарта ғана винтовка болған) көтерілістің мүмкіндігіне әсер етпеуі мүмкін емес еді. 8-9 қарашада ОПТУ-дің қарулы жасағы Батпаққара ауданына еніп, көтерілісті басып-жаншыды.

Қазақстанда болған антисоветтік көтерілістер тарихында Батпаққара көтерілісі «№ 702 іс» («Дело №702») деген атқа ие болады. Сол кездегі «контрреволюциялық» жылдарға сәйкес, айыптаулар негізінен РСФСР Қылмыстық Кодексінің 58-ші бабы бойынша жүргізілді. № 702 іс 1930 жылдың 5 қаңтары басталып 22 қаңтары аяқталған.

Қылмыстық іс қозғалып, тергеушілер тергеуге кірісіп кетеді. 1929 жылғы 9 желтоқсанда өткен тергеулердің бірінде куәгер ретінде сөз сөйлеген К.Карпыков деген біреу осы көтерілістің шын мәніндегі ұйымдастырушылары мен алғышарттары туралы айтып берген:

«Белгілі ұлтшыл Ахмет Байтұрсынов Қызылордада жұмыс істеді де, 1929 жылдың көктемінде, тұтқындалуынан бір күн бұрын, ГПУ-ге шақырылғаны туралы хабарлама алды. Өзінің тұтқындалына сезіп, ол күйеу баласы Рүстем Әбділғапаровты/Рүстем Абдулгафаров өз айтуымен ұлтшылдарды қолдайтын қазақтарға арнап үндеу жазуға мәжбүр етті. Үндеудің мазмұны мынадай: «Совет билігі осы жылы құлайды (1929ж.) басшылардың ішінен Рыков пен Бухарин Троцкийдің жағына шықты. Бухарин мен Рыковтан қорыққандықтан орыс шаруаларына көп жеңілдік берілген, атап айтқанда: жеке ауылшаруашылық салығының, астықты күштеп жинаудың алынып тасталуы және т.б. Жалпы алғанда, орыстар өз құқықтарына қолжеткізді, ал біз, қазақтар, әлі де қорқамыз, және ақыр соңында, қазақтікі деген дәулеттен құр тақыр ғана қалады. Сондықтан да қазір халықты колхоздарға жазылмауға көндіру керек, өйткені колхоздардан кейін коммунхоз деген келеді, сол кезде өзіндікі деген ештеңе де болмайды, яғни меншік құқығы деген мүлдем жойылады. Осыншама колхоз ұйымдастырылды деп жазып жатқан газеттерге сенуге болмайды,, мұның бәрі өтірік, мұны коммунистер халықты арандату үшін айтады. Аудандардан келген түрлі уәкілдер мен агенттерге жарамсақтанбай, астық, тауар және басқалар туралы талаптар қою керек. Биыл мақсатқа қол жеткізу оңайырақ, өйткені большевиктер қазір қостанайлық орыстардың (мұжықтардың) тарапынан әр жерде болатын толқулардан қорыққандықтан ереуілшілерді қысуға қорқады. Солармен бір уақытта ашық қимылдауға болады, алайда сақ болып, ешкімді өлтірмеу керек, әйтпесе, әскер келіп, халықты таратып жіберуі мүмкін, сол кезде ұйымдасу қиын болады. Совет билігі көп ойланбай қатаң заңдарын өзгертеді, сол кезде біз билікті өз қолымызға тартып аламыз». «Ахмет Байтұрсыновтың күйеу баласы Рүстем Әбділғапаров/Рүстем Абдулгафаров Қызылордада Қазмалшаруашылығы одағында нұсқаушы болып қызмет етеді, Қостанай округінің Батпаққара ауданынан шыққан, 1919 жылы Торғайдың әскери комиссары Амангелді Имановты атуға қатысқаны

үшін бандитизммен күрес бойынша Төтенше комиссияның қудалауынан қашқаны үшін 1920 жылы қыздармен атылған бұрынғы болыс билеушісі Әбділғапаровтың ұлы. Жоғарыда айтылған сөздерді (Ахмет Байтұрсыновтың үндеуін) оның күйеу баласы Рүстем Әбділғапаров/Рүстем Абдулғафаров Қостанай округіне хатпен таратты».

Осы іс аясында Ахмет Байтұрсыновтың інісі Мәшенді тергеген тергеу хаттамасы келтіріледі, одан да көтерілісті ұйымдастыруға қатысы бар деп сезіктенген. Мәшен 1930 жылдың 14 қаңтарында тұтқындалған., кейін босатылды. 8 күннен кейін мен қайтадан тұтқындалып, Қостанай қаласына жіберілдім. Ұлтшыл Ахмет Байтұрсыновты білемін. Ахмет менің әкемнің туған ағасы. Ахметті 1926 жылы, ол ауылға келген кезде көрдім. Ғалымжан Бектемісов 1929 жылдың жазында Рүстем Әбділғапаров арқылы Ахмет Байтұрсыновтан хат алды, хаттың мазмұнын мен білмеймін. Ғалымжан Бектемісов – Қали Оның сауалнамасында келесі деректер жазылған: 56 жаста; әлеуметтік жағдайы – бай; 28-ші бап бойынша қамауға алынған; үмбетей руынан шыққан қазақ; тұратын жері – Қарсақпай ауданы № 7 ауыл; кәсібі – малшаруашылығы; отбасы жағдайы – үйленген, 8 баласы бар (3 жастан 13 жасқа дейін); мал-мүлкі: киіз үй – 1, қыстау – 1, жылқы – 12, сиыр, қой-ешкі – 16, арба – 1. Партияда жоқ. Білімі – сауатсыз.

Тергеуде Мәшен Байтұрсынов: «Өткен 1929 жылы салық төлеу үшін мал сату мақсатында Қызылорда қаласына бардым. Қазір Алматыда жұмыс істейтін Ахмет Байтұрсынов менің ағам, мен Қызылордаға барған кезде қалада болған жоқ. Соңғы рет оны ол ауылға келгенде 1926 жылдың жазында көрдім, ауылда 15-20 күн болды. Қазіргі уақытта ағаммен ешбір байланысым жоқ. Қазаннан бері Алматыға барған жоқпын, ауылда Ахметтің кіммен тығыз араласатыны маған белгісіз. 1929 жылдың 15 желтоқсаны маған белгісіз себептермен Қарсақпай ауданы бойынша ГПУ басқармасымен тұтқындалдым. Түрмеде отырғанда, Батпаққарадағы көтеріліс туралы естідім. Кооперативті тонамақшы болған Кубековтың сарбаздары тобына қатысым жоқ. Сонымен қоса, сарбаздарды ұйымдастыру мәселесі бойынша ауылдағы жиналысқа қатысым жоқ» - деген.

1930 жылғы 17 қаңтардағы сот құжаттарында көтеріліс сырттан ұйымдастырылған деп айтылған. Оның үстіне, алға қойылған тапсырмалардың едәуір бөлігін көтеріліс басшылары орындап шыққан.

1930 жылғы 24 сәуірдегі «үштік» хаттамасына сәйкес, №702 іс бойынша 115 адам атылған, 170 адам ұзақ мерзімге еңбекпен түзету лагеріне қамалған, 28 адам үш жылға Қазақстан аумағына шет жерге жер аударылған, 17 адам шартты түрде сотталған, ал 194 адам байлар мен молдалардың ықпалына түсуші ретінде босатылған. Кейбір басқа қатысушылардың істері қосымша тергеуге жіберілген.

Батпаққара көтерілісі жайлы естеліктерден

Голощекин басшылығы кезіндегі « асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деген ұранмен кедейлердің бірлі-жарымды малдарын тартып ала бастады. Осы жағдайға сәйкес мен кішкентай кезімде бір оқиғаның куәсі болдым. Жеті жасымда, 1929-30 жылдың қысында Тоқанай деген жерде конфескеге ұшырап жер ауып кеткен Оспан деген байдың мектебінде оқыдым. Елдегі шаруалардың малдарын түк қалдырмай тартып әкеткен кез. Кейбіреулердің қолында бірлі-жарымды тығып, жасырып қалған малдары бар. Барар жеріміз болмағандықтан, нағашымыз Тәжіктің Есетінің қолында қыстағанбыз. Бір күні сабақтан үзіліске шығып келгенде, балалар шулап «Бәленше-түгеншенің үйлері жанында жүрген қой-ешкілерді көрдік», - деп жарыса сөйлеп, «Қызыл мұғалімге» арыз ете бастады. Мұғалім малы бар деген үйлердің тізімін жасады. Біздер Қопашық ауылының он шақты балалары бөлек отыратынбыз. Мен ауыл балаларына «біздің ауылда еш үйде мал жоқ деңдер», - деп айтуға дайындап қойдым. Мұғалім біздің жанымызға келіп, «Кімдердің үйлерінде тығып қойған малдары бар, тез айтыңдар», - дегенде, Қопашық ауылының балалары бір ауыздан «Біздің ауылда еш үйде тығып қойған мал жоқ», - деп жамырап қоя берді. Ертеңіне ауылға милициялар келіп, үйлерді тінтіп, тығып қойған шаруалардың малдарын тегіс тартып әкетіпті.

.... Бір жылы өзіммен замандас, жауапты қызмет атқарған белгілі қоғам қайраткері Оразалы Қозыбаевпен әңгімелесіп отырғанымызда, мынадай оқиға туралы айтты. Сол кезде ол кісі Қостанай ауданында аудандық атқару комитетінің төрағасы болатын.

Бір күні ауданнан 20 шақырым Қаражар деген қазақ ауылынан арнайы телефон соғып, тез келуімді өтінді. Жағдайды келген соң білесіз деді. Тез келсем, ауыл адамдары ауыл сыртындағы бір сайда жиналып тұр екен, Көктемдегі қар суы орып кеткен терең сай іші толған адам денелері. Басындағы тымақтарына, аяқтарына киген байпақты етіктеріне, күпілеріне қарағанда, қазақтар екені өзінен-өзі көрініп тұр. Ауыл қарияларының сөзіне қарағанда, Батпаққара көтерілісі кезінде осында көптеген қазақтарды атқан көрінеді. Сол жерде О. Қозыбаев техника алдырып, мүрделерді жинатып, үстін үлкен төбе етіп топырақ үйдіреді.

Қыс бойына жиған-тергенін кеузеіп, әуірімдеп шыққан шаруалар 1931 жылдың көктемінде енді үлкен аштыққа ұшырады. Жұрт балық аулап күн көру үшін өзен-көл жағалап босып кетті. Жау жағадан алғанда, бөрі етекпен дегендей, әр жерде

топтанған қарақшылар, ұры,бандылар да көбейді.Олар күйзелген халықтың қолындағыларын тартып алып,өздерін өлтіріп кететінді шығарды.

Бір мысал Жұмантайдың Молдаш деген туысы семьясымен өзен жағасында балық аулап отырғанда Жөлке деген ұрылардың басшысына кездеседі.Молдашты тобыма қосыл деп зорлайды.Молдаш көнбейді.Көнбесең өлтірем дейді.Қорыққанынан Молдаш соларға еріп түнде бір түбекке келеді.Қалың талды көрсетіп Жөлке «Мына тал арасында бір семья (шал-кемпір,қызы)жатыр.Олардың бұрын түйесі бар еді.Соны сойып,түнде еттерін үшеуі жастанып жатады.Үстінен басып,түншықтырып өлтіріп, етін алуымыз керек.Оң жақтағы шеткісі Молдаштың үлесіне тиеді»,-дейді.Үш ұры лап қойып үйге кірген.Молдаш байқаса тонағалы жатқан өзінің нағашысының қызы.Қыз да сезіп: «Жиен-ау,мұның не?»-дейді.Молдаш қызға: «Мен білмеген болайын, сен қаш»,-дейді.Жанұшырған кемпір мен шал да әйтеуір сытылып шығып,суға қарғып далбасалайды.Молдаш ұрылардан құтылып қосына қайта келсе,манағы кемпір,шал,қыз үшеуі осында отыр.Олар аман қалғанына шүкір дейді.Барлығы ақылдасып-енді бұл жерде болудың реті келмес деп Қызылобаға кетеді.

Сейтқасым Боранқұлов-ғалым, соғыс және еңбек ардагері.

Мерзімді басылымдар мен әдебиеттер тізімі:

- 1.Т.Омарбеков. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасреті, Алматы, 1997 ж.
- 2.Боранқұлов С., Батпаққара көтерілісі. //Ақиқат. – 2007. – №6. – Б. 40-43.
- 3.Боранқұлов, Сейтқасым.Айтылмай кеткен ақиқат.[Мәтін] : [Қостанай өңіріндегі1929 жылы қазан айындағы Батпаққара көтерілісі] /Сейтқасым Боранқұлов //Ақиқат. – 1998. –№1. – Б. 89-90.
- 4.Мәуленов, Қасым. №702 іс [Мәтін] : [1929 жылы Қостанай өңіріндегі белгісіз көтеріліс] /Қасым Мәуленов //Қостанай таңы. – 1998. – 14 тамыз. – Б.3
- 5.Бошыбаев, Т.Маңызы зор қозғалыстың саяси-әлеуметтік себептері [Мәтін] : [батпаққара қозғалысы туралы] /Т.Бошыбаев //Арқалық хабары. – 2009. – 4 желтоқсан. – Б. 3
- 6.Батпаққара көтерілісі[Мәтін] : тізім,мақалалар,зерттеулер / құрас: Б.Сағынтаев, Р.Терек; алғы сөз жазғ.: Э.Наурызбаева. –Қостанай: Қарлығаш, 2021. –286 б.: сурет. +8 бет жапсырма; 21 см
- 7.Омарбеков,Талас. Батпаққара көтерілісін күштеп басу [Мәтін] : [батпаққара көтерілісі туралы] /Талас Омарбеков //АПқиқат. – 2003. – №1. – Б.66-67.
- 8.Мырзағалиұлы, Марат.Торғай көтерілісі [Мәтін] : Батпаққара көтерілісіне-90 жыл /Марат Мырзағалиұлы // Aманкелді ағайы. – 2019. – 15 қараша.– Б. 5.
9. Ахмет Байтұрсынұлы. Энциклопедия / Бас.ред. Ж.Тойбаева. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2017.-744 бет.
- 10.Т.Омарбеков. "Қазақстан" ұлттық энциклопедиясы., Алматы, "Қазақ энциклопедиясы", 1998 ж. 2-том
11. Қойгелдиев, Мәмбет. Алаш қозғалысы: екі кітаптан тұратын монография / М. Қойгелдиев. - Алматы : Мектеп, 2017. - 655 б.
- 12.«Книгу скорби – Азалы кітап», г. Алматы, 2004 г.
13. ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 5780-іс., 19-п.; М.Қойгелдиев, Т.Омарбеков Тарих тағылымы не дейді?-Алматы: Ана тілі 1993 ж. 109-б.
14. Көкіш Рысбайұлы “Қазақстан Республикасының тарихы”. Алматы, 1999ж., Т. Омарбеков “XX ғасырдағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелері.” А - 2001ж.
15. Т. Омарбеков. "Қазақстан" ұлттық энциклопедиясы, Алматы, "Қазақ энциклопедиясы", 1998 ж. 2-том

16. Құлабай, Нұрқанат. Батпаққара көтерілісінің ақиқаты [Мәтін] : [Қостанайда «Қазақстандағы 1929–1931 жылдардағы көтерілістер: зерттелуі және тың деректер» конференция өтті] / Н. Құлабай // EGEMEN QAZAQSTAN. - 2024. – 1 мамыр. – Б. 12. - ISSN ISSN 1999-9720.

17. Мұсабаев, Хамитбек. Әлі күнге пендешілік көрсетудеміз [Мәтін] : Батпаққар көтерілісне – 90 жыл толуына орай] : (Өлкетанушылар мен ғалымдар не дейді) / Х. Мұсабаев // Amankeldi araiy. - 2019. – 8 қараша. – Б. 5..

18. Торғай көтерілісі [Мәтін] : Батпаққар көтерілісне – 90 жыл / М. Мырзағалиұлы // Amankeldi araiy. - 2019 – 15 қараша. – Б. 5..

19. Сағынтаев, Батырлан.

1920-1930 жылдардағы Торғай өңіріндегі халық наразылықтары [Мәтін] : [Батпаққара көтерілісінің 95 жылдығына орай] / Б. Сағынтаев // Арқалық хабары. - 2024. – 12 шілде. – Б. 4.

20. Смайылова, Г.

Батпаққара көтерілісіне – 90 жыл [Мәтін] : [тарихи дерек] / Г. Смайылова // Amankeldi araiy. - 2019. – 8 қараша. – Б. 5..

21. Жарылғасов, Мұратбек.

Батпаққарадағы репрессияның алғашқы құрбаныдығы және Әбіш Рысбаев [Мәтін] : [қуғын-сүргін құрбаны Әбіш Рысбаев туралы] / М. Жарылғасов // Торғай таңы. - 1991. - 3 шілде. - 2 б..

22. Жәрімбетова, Нәзира.

Алыстағы ауыл ақиқаты [Мәтін] : [қайғы жері, көлі, елі туралы ақиқат] / Н. Жәрімбетова // Егемен Қазақстан. - 2010. - 5 қазан. - 3 б..

23. Жәрімбетова, Нәзира.

Торғайды білмеген тәуелсіздікті түсінбейді [Мәтін] : ["ауылым - алтын бесігім" жобасы бойынша баспасөз турына қатысушылар тұжырымы] / Н. Жәрімбетова // Қостанай таңы. - 2011. - 9 тамыз. - 4 б.. Егемен Қазақстан. - 2011. - 9 тамыз. - 6 б..

24. Мұқаметқали, М.

Халыққа жасалған қастандық [Мәтін] : [31 мамыр қуғын- сүргін құрбандарын еске алу күніне арналған іс-шаралар туралы] : [суреті бар] / М. Мұқаметқали // Аманкелді арайы. - 2012. - 25 мамыр. - 2 б..

25. Өткен күндерден белгі бар [Мәтін] : [қоғам қайраткері Кәки Ақан Шәріпұлының Батпаққара ауданының құрылу тарихы туралы әңгімесі] / АА" газеті редакциясы // Аманкелді арайы. - 2018. - 17 тамыз. - Б. 3.Сурет бар

26. Тұрғынбеков, Серік.

Батпаққара ; Татыр ; Өлкейік [Мәтін] : [өлеңдер] / С. Тұрғынбеков // Торғай таңы. - 1988. – 23 наурыз. – Б. 4.

Есімдердің әліпбилік көрсеткіші

- 1.Боранқұлов С. 2,3
- 2.Бошыбаев Т. 5
- 3.Жарылғасов М. 21
- 4.Жәрімбетова Н. 22,23
- 5.Қойгелдиев М. 11,12,13
- 6.Құлабай Н. 16
- 7.Мәуленов Қ. 4
- 8.Мұқаметқали М. 24
- 9.Мұсабаев Х. 17
- 10.Мырзағалиұлы М. 8,18
- 11.Омарбеков Т. 1,7,10,13,14,15
- 12.Рысбайұлы К. 14
- 13.Сағынтаев Б. 6,19
- 14.Смайылова, Г. 20
- 15.Тойбаева Ж. 9
- 16.Тұрғынбеков С.26
- 17.Шәріпұлы К. 25

Мазмұны

Құрастырушыдан.....	4
Маңызы зор қозғалыстың саяси-әлеуметтік себептері.....	5-6
Көтерілісшілер қамалған Қостанай Ақтүрмесі (сурет).....	7
Батпаққара көтерілісі тудырған ерлер.....	8-9
Батпаққара көтерілісіне қатысушылар.....	10-11
Батпаққара көтерілісі кітаптарда.....	12-13
Батпаққара көтерілісі баспа беттерінде.....	14-15
Батпаққара көтерілісіне қатысқандар қалай жазаланды?.....	16-18
Батпаққара көтерілісі жайлы естеліктерден.....	19-20
Мерзімді басылымдар мен әдебиеттер тізімі.....	21-23
Есімдердің әліпбилік көрсеткіші.....	24

Шығ. жауапты:.....С. А. Алматова

Құрастырушы:.....М.Г.Жумағалиева

Редакторы:.....Ж. К. Абжанова

Қаріп түрі: Times New Roman.

Басылымның көлемі: 0,5

Таралымы: 3 дана

**«Арқалық қаласындағы
облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ**

**110300, Қостанай облысы, Арқалық қаласы.
Абай көшесі, 62. Тел. (факс) 7-09-16.
E – mail:arkounb@mail.ru**

